



Құрайлысай ауыл әкімшілік округінің орталығы.

Аудан орталығы Чапаев ауылынан шығысқа қарай 67 шақырым қашықтықта, Жайық пен Өленті өзендерінің аралығында Құрайлысай ауылы орналасқан.

Солтүстік және шығысында Теректі ауданымен Оңтүстікте Қаратөбе, батыста Есенсай округімен шектеседі.

Тұрғын саны 1588 адам. Округке қарасты Құрайлысай, Өтібек, Сайқұдық ауылдық кітапханалары, мәдениет үйі, екі орта, бастауыш мектеп, дәрігерлік амбулатория, фельдшерлік пункт бар

Жұбан ауылдық кітапханасы



Жұбан ауылдық кітапханасы мәдениет үйі ғимаратының 40 кв.м көлеміне орналасқан.

Бүгінде Ақжайық ауданы, Жұбан Молдағалиев атындағы ауылда мәдениеттің бірден-бір көзі, ошағы, ақпараттың ордасы болып отырған Жұбан ауылдық кітапханасы бар. Жұбан Молдағалиев (қазіргі) сол кездегі Киров колхозында 1959 жылы алғашқы «қызыл бұрыш» ашылады. Қызыл бұрышта 500 дана кітап қоры болған. Алғашқы мәдени ошақта **Адайбаева Насиха** апай 1961 жылға дейін жұмыс істеген.



1961 жылы Киров колхозы біріктіріліп Өлеңті совхозы құрылған. Сол



жылы орталық клуб салынып ,оның жанына кітапхана ғимараты орналасты. 1961 жылы наурыз айында **Н.Адайбаевадан Қанымзия Мамбешова** қабылдап алып, кітапхана жұмысын жандандырған. Көптеген үйірмелер ашып,көпшілік шараларды өз деңгейінде өткізіп отырған. Бұған дәлел Қ.Мамбешованың өткізген шаралары, көпшілік ортада болғандығы халықтың жадында сақталады.

1962 жыл. (Фото суретте) Қ. Мамбешованың құрбыларымен үгіт бригадасына бет алған сәті.

1964 жылы Қ.Мамбешованың басқа жаққа көшуіне байланысты кітапхананы ауыл тұрғыны жоғары білімді маман **Дәулетова Мағия** алады.Ауыл тұрғындарына кино қою, насихат жұмыстарын ұйымдастырумен қатар, мәдени демалыс ұйымдастыра білетін Мағия апа істеген сәттерден-ақ кітапхана жұмысын одан да жандандыра түсті.Ол ауыл тұрғындарына алдымен әншілігімен ұнады. Сахна төріне шыққанда Мағия апа тотыдай түрленетін. Халық қанша ән сұраса,сонша әнді ренжімей,шаршамай орындап беретіні жас ұрпақ жанында сақталыпты. Сонымен қатар ол ауыл жастарын сахнаға пьеса шығаруға ұйымдастырды. Ол өз жұмысын атқара білген ,әр ісіне талап қоя білген бірден- бір адам.



1966 жылы Мағия апай Калмыково селосына кетеді. Ол сол жерде кітапханада істеп, зейнеткерлікке шықты.



Даму қарқындап келе жатқан аулымыздың кішкене мәдениет ошағын 1968 жылдан бастап клубтың көркемдік жетекшісі әуесқой композитор сазгер **Жасталап Қуанғалиев** (суретте) басқарды. (клуб меңгерушісі) Ол «Бозторғай», сынды әндердің авторы. Мәдени шараларды ұйымдастыру барысында қоғамдық істерге белсене үлес қосты. Көп уақыт шәкірттер атқарып, бүгінгі таңда зейнеткерлік

тәрбиелеуде ұстаздық қызметін демалыста.

Осы жылдары жұмыс істеген адамдардың бәрі де өз деңгейінде қызмет атқарған, ауылымыздың көркеюіне саналы ұрпағымыздың өсуіне өз еңбектерін сіңірген жандар. Кітапхана жұмысына қызыға кірісіп, ол кездің бітпейтін науқандық жұмыстары, жауынгерлік беттер жастық жігерін жани түсті. Ол заманның өзіндік қатты талабы да болатын. Соның сынына шыдап, көңілдерінен шығып отырды. Жұмысқа орналасқан алғашқы сәтте кітапханада ауыл парткомы Жұмабай Қожахметов кезекті жұмыс жөніндегі отырысын өткізді.



Партком секретары Қожахметов, комсомол ұйымының секретары Ишанов Табылды, училище жетекшісі Т. Бисенов, Клуб меңгерушісі Ж.Қуанғалиев, автоклуб меңгерушісі Ж.Мусаурова.

Осы жылдар аралығында **М.Қуанғалиева**, **А.Нығмалова** кітапханада қызмет істеп өз үлестерін қосты.

1972 жылы жұмысқа кіріскен **Таня Жапашева** кітапхана жұмысын ала жүре 1975 жылы Ақтөбе



мәдени ағарту училищесінің кітапханашы мамандығы бойынша бітіріп арнаулы орта білімі бар маман болып қызметін жалғастырды.



Сол кезде кітапхананың 4900 дана кітап қоры болып,

І.Есенберлиннің «Алмас қылышы», Ә.Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар», С.Мұқановтың «Өмір мектебі», Ғ.Мүсіреповтың «Қазақ солдатты» қолдан-қолға өтуші еді. Осы шығармаларға кітапханада оқырман конференциясын, пікір алмасулар көптеп өткізілді.

Бертін келе Мұхтар Шахановтың шығармалары оқырмандарды бір серпілтті. Оның «Танакөз» романы талай жастың сезімін оятты. Онымен қатарлас Мұқағали Мақатаевтың жырлары жастар санасынан орын алды.



Василевскийдің «Дело всей жизнь » мемуары, Истеменконың «Бас штаб соғыс жылдарында» романдары да өзіндік оқырманы бар шығармалар болды.

Құрайлысай ауылдық кітапханасында да еліміздегі барша кітапхана саласындағыдай саясатты, халық ахуалын т.б заман ағымына қарай кітапханалық шаралар арқылы тұрғын халыққа ,оқырмандарға үгіт насихат жұмыстарын жүргізіп келеді.

1978 жылы Құрайлысай ауылында мәдениет үйі салынып , ішінде кітапхана бөлмесімен 9 мамыр күні ашылу салтанаты болды.

Бүгінгі таңда кітапханадағы 11012 кітап қоры балаларға арналған әдеби кітаптар, батырлар жыры,Ұлы тұлғалар туралы әдебиеттермен толығып келеді.



Таня апай өз жұмысымен қатар қоғамдық жұмыстарды да қатар алып жүреді. «Қазақ тілі қоғамының төрайымы» , «кітап құмарлар қоғамының төрайымы» , «әйелдер кеңесінің төрайымы» сынды жұмыстардың үнемі басында болды

1989 жылдан 1991 жылға дейін аудандық «Ленин жолы » газетінде штаттан тыс тілші болды. «Ақжайық » газетінің Ұлы Жеңістің 40 жылдығына арнап ұйымдастырған шығармашылық жарысына қатынасып «Қайран біздің әжелер арды ойлаған » атты әңгіме бойынша жүлделі ІІ орынды иемденіп,марапаттауға ілікті.(суретте)



Аудандық «Ленин жолы» газетінің 1990 жылғы 5 маусымдағы санында апайдың газеттердегі берген мақалаларындағы шығармашылық еңбегін мадақтаған «Қаламымен үлес қосып» атты мақала шықты.(суретте)

1991 жылы совхоздың құрылғанына 30 жыл толуына байланысты үлкен шара өтті. Осы шараны аудандық «Ленин жолы» газетіне «Жастары бар өнерпаз» атты көлемді мақаласы жарық көрді. Осы мерекеге байланысты ауылдың көптеген азаматтары Ауданның құрмет грамотасымен марапатталды соның ішінде апайда болды.



1991 жылы кітапхана ісінде атқарған жұмыстары көзге түсіп «Құрайлысай селолық кітапханасының іс-тәжірибесінен» (суретте) және «Жақсы іс баршаға» атты әдістемелік кітапша шығарылып таратылды.

/Даумов С. Қаламымен үлес қосып.- /Т.Жапашева туралы/. // Жайық таңы.-1991.-12 маусым.-б.3

Ғазизқызы Ж. Ауылдағы аяулы ана.- /Т.Жапашева туралы// Жайық таңы.-2001.- 6 қазан.-б.2/

2003 жылы «Орал өңірі» газетінде апайдың өмір бейнесін, еңбегін зерделеген «Ауылдағы аяулы ана» атты мақала (суретте) шықты. Мақала авторы Ж.Ғазизқызы.

2004 жылы Құрайлысай ауылдық кітапханасында «Кітапхананы жарнамалау» тақырыбында аудандық зерделі кеңес өтті. Кеңестің осы ауылдық кітапханада өтуі де Тая апайдың кітапхана саласындағы елеулі еңбегі ауыл тұрғындары арасында ғана еленіп қоймай аудан аумағындағы кітапханалардың ішіндегі озығы және кітапхана ісіндегі жаңашылдықты енгізуде өз үлесін қосып келе жатқан кәсіби маман.

2005 жылы облыстық Ж.Молдағалиев атындағы ғылыми-әмбебап кітапханасының ұйымдастырған «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында ауыл кітапханалары арасында өткізілген «Ауыл энциклопедиясы- Шағын Отан» тақырыбындағы сайысқа қатынасып жүлделі екінші орынға ие болды.

2006 жылы кітапханашылар күніне орай Тая апайдың еленіп жүрген еңбегін дәріптеуде, кітапхананың көне көз маманы ретінде құрметтеліп марапатталды.

Тая апай «Әр кітап өз оқырманын табуға тиіс» деген девизбен жұмыс істейді. Осы бағытта кітаптардың ұсынба тізімін жасап оқырмандарға таратып отырады.

Мысалы «Өзіңді өзің тани біл», «Тарихыңды тани біл», «Жас маманға», «Жаңа кітаптар» деген ұсынба тізім әр маманға ұсынылуы дәстүрге айналған.



Кітапханада «Жерлестер жырлайды»,

көрмелер бар. Кітапхананың бүгінде

көптеген тұрақты оқырмандары бар.

Тарихшы Т.Жауынбаев, зейнеткер

Ш.Жапаров, жас оқырман Дидар Гайсин.

Олар кітапханамен үнемі байланыста

болады. Жоғарыда аталған оқырмандар

кітапхананың ұйымдастырған «Үздік

оқырман» оқырман бенефисінің 2007

жылғы «Көп оқитын басшы», «Білгір

тарихшы», «Ең жас оқырман» т.б

номинацияларының иегерлері.

Осы орайда Тәуелсіз еліміздің



болашағы- білімді жастар қоғамдық-саяси, мәдени-ағарту, экономика және экология, денсаулық және спорт жаңалықтарымен танысуда. Қазақстан Республикасы Президентінің «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты жолдауын талдап, еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуға өз үлестерін қоспақшы. Кітапхана алда да іс-шараларды жоспарлап, ел басының халыққа жолдауын қуаттай осы бағыттарды жүзеге асыруда жұмыстануда.

Кітапханада қонақта

Сан түрлі ақын-жазушылар тоқтаған бұл кітапхананың сырлы шежіресі тереңнен тамыр тартқан. Әр жылдары кітапханаға көптеген ақын-жазушылар аялдады. Солардың ішінде Берқайыр Аманшин, Б.Соқпақпаев, Сұлтан Қалиев, А.Бақтыгереева, Қ.Мырза Әлі, Әкім Тарази, С.Жиенбаев,



Ы.Боранбаев, С.Еркебаев олармен қатар жерлес ақындарымыз Ж.Молдағалиев, С.Сейітовтар (суретте) туған жерге жиі оралып, кітапханада өткізілген шараларға қатысып мән беріп отырған.

Сағынғали Сейітов Құрайлысай ауылында дүниеге келген . Ақын, әдебиетші филология ғылымының кандидаты. Ұлы Отан соғысына қатынасып , «Қызыл жұлдыз» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған . Орта мектепке арналған оқулық авторларының бірі. Бірнеше өлең жинақтары бар. Сағынғали аға туған жерге үнемі жүрегі бұрып тұратын азамат еді. Ол туған ауылында бірнеше болып олармен сұхбаттасып, «Елге келсем, бір баламын» деп жүретін.

Туған жер- тәрбелейін, тебіренейін,

Шығайын шыңдарыңа, өрмелейін,

Халқымның құдіретіне құлдық ұрып.

Басымды жеткізейін жерге дейін –деп халқының алдында кішілік танытып жүруші еді.

Сағынғали ағаға арналған әдеби кештер көптеп өткізілді. Рухына



табынып, шабытына шабыт қосып, ақындығын пір тұтып, өлеңдерін жаттап өскен ауылымыздың жастары, кітапхананың тұрақты оқырмандары былай деп жырға қосты :

Тербеткен дүниені жсырыменен

Талантымен өргізген сиқырлы өлең

Жұбан аға, қазақтың біртуары

Жас дарындар өзіне пір гып жүрген.

Тыңдашы мені! Жұбан аға!

Талдашы балғын жсырымды ұға
Дем беріп қолдап рухыңмен биік,
Жетеле мәңгі ұрпақты алға!



Тәтібай Сұлтанғалиев – Жұбан ауылының көркеюіне еңбек сіңіріп, мәдениет саласының гүлденуіне де үнемі үлкен колдау көрсеткен ауылдың ардақты азаматы. Кішіпейіл, қарапайымдылығымен ауылдастар арасында сыйлы болған ол, жерлес ақын Жұбан Молдағалиевтің

«Біздерміз, Тәке, Тәтібай!» өлеңінің кейіпкері. Кейін Тәтібай Сұлтанғалиевтің құрметіне ауылымызда көше аты берілді.



Социал директоры Т.Сұлтанғалиев және Қадыр Мырза Әлі - Әліұлы, соқаланың 10 жылдығында Жұбан ескерткішін ашу салтанаты.



1990 жылы
Жұбан

Молдағалиевтың зайыбы София апай ,ұлдарымен , ақын С.Сейітовпен Жұбан ағаның туған топырағына келіп ақынның ескерткішіне гүл шоқтарын қойып ауыл тұрғындарымен еске алу кешін өткізді. Сол кезде С.Сейітов

«Жетпісіне жеткізе алмай Жұбанды, Көзіме жас шыланды.



Ауыл қонақтары Жұбан ескерткіші жанында Жұбанның жары София апа, Қадыр Мырза Әлі, Жайсаң Ақбаев, Жұбан ағаның ұлдары.

Қандығымда туса деймін, Жұбандай ұланды»-деп туған халқына арнау айтқан.

Әтібек ауылдық кітапханасы.



Әтібек ауылдық кітапханасы мектеп ғимаратының ішінде 25 кв.м көлеміне орналасқан.

Құрайлысай ауылдық округіне қарасты Әтібек ауылдық кітапханасы 1959 жылы «Оқырман үйі» болып ашылды . Кітапханашы **Төресева Мария** коммунизмнің материалдық техникалық базасын жасау мақсатына бірыңғай жұмыстар жүргізіліп , осы ұлы мақсатпен жарқын ниет әр адамға жаңа жігер беріп , оларды биіктен биікке жетелеп отырды . Сондықтан да барша кітапханаға тән Әтібек ауылында да кітапханашы жаңа творчестволық бастамалар мен ізденулерді тауып , идеология жұмысын көптеген түрлері мен әдістерін ыңғайлы пайдалана отырып , әр бір оқырманның көңіліне қонымды жұмыс жүргізуді мақсат санап алға қоя білді. Осындай жігермен қызмет атқарған Төресева Мария 1961 жылы мәдениет бөлімінің мақтау қағазына ие болды.(суретте)



1963 ж **Шынтемирова Зайдаш.**

1967 ж **Лұқпанова Тұрсын.**

1970-74 ж **Искакова Балым** кітапханада қызмет атқарды.

Ауыл тұрғындар арасында «Еңбек даңқы», «Малшылар еңбегі даңқты болсын» т.б кештер өткізіп. Сонымен қатар кітапханада ұйымдастырған «Нан иісті қолдарды мадақтайық» атты кездесу кешіне еңбек ардагерлері, комсомолдар, пионерлер келді. Шалғай



нүктелерге, елді мекендерге барып елдің саясатын насихаттауымен қатар кітап көрмелеріне шолу жүргізіп, газет журнал бетіндегі жаңалықтармен таныстырып, мәдениет қызметкерлерімен бірге кино концерттер қойды. Кітапханашы әр дайым кітапханада ауыл тұрғындарына, оқырмандарға еңбек озаттарының тәжірибелері және олардың алған жаңа міндеттемелері жайлы әңгіме етіп олардың жетістіктерімен таныстырып отырды.

Осы ауылдың тұрғыны Мұқанов ағай 1934 жылы 14 маусымында Алматы қаласында өткен Бүкіл Қазақстандық 1-ші Халық шығармашылық слетіне Облыс атынан делегат болып қатынасып қайтты. (суретте) Кітапханада кітап сүйгіш қауымды тәрбиелеу, оларды кітапханаға көптеп тарту бағытында әр түрлі тақырыпта шаралар өткізілетін. Соған байланысты кейінгі жылдарда ағайдың шығармашылы туралы, ол кісінің слетке барып қайтуы туралы оқырмандар арасында кездесу кештері өткізіліп тұрды.



1974 ж 4 февральдан бастап күні бүгінге дейін **Жайжанова Гүлсара** кітапханашы қызметін атқарып келеді. Заман талабына сай кітапхананың қызметі түрлері де өзгеріп 1980 жылдарда еліміздегі саясатты КПСС-тің съездерін, Қаз Орталық комитетінің съезін, СССР-дің құрылғанына 60 жылдығына орай әдебиеттерді насихаттап, ағартушылық қызметтерінде сапалы жүргізіп отырды. Сонымен қатар, социалистік міндеттемелерді жариялап, жар газеттерін, «Найзағай» бұрыштарын ұйымдастыру ол кездегі кітапхананың бірден-бір жұмысы саналды.



Еліміз егемендік алып, Тәуелсіздігімізді паш ету кітапхана саласының маңызды жұмысы саналып, ол бағытта кітапханада «Тәуелсіздік қарлығаштары», «Тәуелсіздік тұғырым» атты көпшілік жұмыстарды, кітап көрмелерін ұйымдастырып мақтан тұтар насихат жұмыстарын жиелеп өткізіп келді. Егемендігіміздің 10 жылдығын жырлар байқау кештері, тақырыптық кештер оқырмандар арасында көптеп өткізе отырып, қазіргі білім мен ғылым жетістіктерін, Елбасының дәстүрлі Жолдауларын, елімізде болып жатқан жаңалықтарды насихаттау кітапхананың алдына қойған мақсаты. Сонымен қатар, елдің ертеңі, келешектің көкжиегі келер заманның азаматтарын тәрбиелеу де кітапхананың алар орны ерекше. Осы орайда кітапханада балалар үшін көптеген шаралар оздырылу дәстүрі



жалғасын тауып келеді.

Насихат жұмыстарын жүргізу әрине қордағы кітапқа сүйене отырып жүргізілетін жұмыс. Әтібек ауыл кітапханасының кітап қоры қазіргі таңда 5784 данаға жетті. Жыл сайын мерзімді басылым түрлері де тұрақтанып, оқырман сұраныстарын қанағаттандырып, кітап қорының сапасын толықтырып келеді.

Сайқұдық ауылдық кітапханасы.



Сайқұдық ауыл кітапханасы
ОКЖ –нің есептік балансында
Кітапхананың аумағы -70 кв.м

Сайқұдық ауылында кітапхана 1962 жылы «Қызыл бұрыш» болып ашылды. «Қызыл бұрыш» ауыл тұрғындарының мәдени рухани демалыс орталығы ретінде жұмысын жалғастырып отырды. Алғаш **Елеубаева Туғанай** кітапхана қызметін атқара жүріп, шалғай елді мекендерге шопан егіншілерге, кино көрсету, газет-журнал бетіндегі жаңалықтармен таныстырып үгіт насихат жұмыстарын жүргізген. Кейін **Жетпейсова Дәмелі**, **Сәркенова Ғайша** істеген кезде үгіт насихат жұмыстарының орталығы болу үшін еңбекшілерге тәрбие беру әдістерін күннен-күнге көбейтіп, еңбек ұйымдастырудың үлгілі тәжірибесін насихаттап, сонымен қатар жарасты тұрмыс мәселелерін де ойдағыдай насихаттап отырған.

Әсіресе, жастар арасында ұлы көсемнің кішіпейіл, қарапайым, халыққа шын қамқоршы екенін көрсететін кітаптарды кеңінен насихаттап тақырыптық сөрелер, көрмелер ұйымдастырып кештер өткізілді. Ол кезде кітапханалардың ең негізгі мақсаттарының бірі – совет адамдарын, жас ұрпақты ұлттық және интернационалдық міндет – мақсаттарды дұрыс түсінуге баулу, достық туысқандық рухында тәрбиелеу болып табылды. Сайқұдық ауылында дүниеге келген Жұбан ағамыздың



шығармаларын жасөспірімге насихаттау, ағамыздың торқалы туған күндеріне орай поэзия кештерін ұйымдастыру кітапхананың өлкетану бағытындағы жұмыстарын нығыздай түсті.

1980 жылы Ж.Молдағалиевтің 60 жасқа толуы қарсаңында өзінің туып өскен ауылы Сайқұдықта ауыл тұрғындарының асарлық жұмысының арқасында сәулетті кітапхана салынды. Кітапхананың ашылу салтанатына қатысқан ақын Ж.Молдағалиев ағамыз жеке кітапханасынан совет жазушылар шығармаларымен сыйға тарты.

Ақын сыйлаған кітаптар күні бүгінге дейін үлкен алып кастерлі дүние ретінде сақталуда. Ұрпақ үшін құнды әр нәрсеге ауылдастардың назары айырықша Жұбан Молдағалиевті тайпақ топырағы, бүкіл ауыл-аймақ өз перзенті ретінде мәңгі еске сақтайды.

1987 жылдан бастап Сагиева Роза жұмыс істеп келеді. Заман ағымына қарай жұмыс түрлерін кеңейтіп, кәсіби біліктілігін дамытып отыру қазіргі заман кітапханашысының бірден –бір алдына қойған мақсаты. ОКЖ



құрамындағы басқа кітапханаға қарағанда Сайқұдық ауылдық кітапханасы Елбасы Жолдауларын насихаттау, кітапханаға оқырмандарды көптеп тарту мен қатар бұл кітапхананың атына сай өлкетану жұмыстарын да жүргізіліп келеді.

Осыған орай кітапханада Жұбан Молдағалиевтың бөлмесі ұйымдастырылған, онда тұрақты «Ақын



тартуы» кітап көрмесі, сонымен қатар Жұбан ағаның шығармалары, ақынға арналған газет- журнал беттерінен мақалалары да жинақталып кітап қорын толықтыра түскен.

Кітапхана ауыл тұрғындарының

мәдени рухани демалыс орталығы бола отырып, «Үздік оқырман» бенефисін өткізу, ол оқырмандар кітапхананың жанашыры, белсенділері ретінде жасөспірімдерге әрдайым үлгі өнеге


2000 жылы Жұбан ағаның 80-жылдығына орай 9-шы қазанда ескерткіш тақта орнатылды. Ескерткіш ашылу салтанатына Жұбан ағаның жұбайы София, ақын Қадір Мырза Әли, І. Жақанов, аудан әкімі Ә.Сәтбаев тума-туысқандарымен кездесу кітапханада болды.




Қазірде жыл сайын кітапханада Жұбан оқулары аталып өтуде.

Кітапханада өткен «Жұбан- ақиық ақын!» атты жыр-мүшәйрасының жеңіпаздары ескерткіш алдында.





Құрайлысай ауыл округіндегі кітапханалардың 1985-2007 жылдар аралығында оқырмандар, кітап қоры орташа есеппен алынған көрсеткіштері.



Құрайлысай ауыл округіндегі кітапханалардың 2004-2008 жылдар аралығында мерзімді басылымдар көрсеткіштері.